



**«REAL-INVEST.kz» қаржы компаниясы» АҚ директорлар кеңесімен бекітілген 2011 ж. 01.06.**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
ЗАҢДЫ ТҰЛҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН  
№ 2007 ж. «05» 06 өткізілді  
№ 86139-1910-AB куәлік  
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ  
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА  
«05» 06 2011 г.  
свидетельство № 86139-1910-AD  
ЕСНВИН 070640001448

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
ҚҰРЫЛТАЙ ҚОЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН  
ТОЛЫҚТЫРУЛАР ҒЫЗЫЛГЕН  
№ 6917 БҮЙРІҒЫ  
2011 ж. «10» 06  
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ  
В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ  
ПРИКАЗ № 6917  
10 06 2011

**«REAL ASSET MANAGEMENT»  
акционерлік қоғамының**

**ЖАРҒЫСЫ**

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
2011 жыл

СМОТРИ  
НА ОБОРОТЕ

## **1-бап. ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ**

### 1.1. Акционерлік қоғамның толық атауы:

- мемлекеттік тілде: «REAL ASSET MANAGEMENT» Акционерлік қоғамы;
- орыс тілінде: Акционерное общество «REAL ASSET MANAGEMENT»;
- ағылшын тілінде: «REAL ASSET MANAGEMENT» Joint-Stock Company.

### 1.2. Қысқартылған атауы:

- мемлекеттік тілде: «REAL ASSET MANAGEMENT» АҚ;
- орыс тілінде: АО «REAL ASSET MANAGEMENT»;
- ағылшын тілінде: «REAL ASSET MANAGEMENT» JSC;

1.3. Акционерлік Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қ., Алмалы ауданы, Амангелді көшесі, 59 «а»-үй, 4-қабат.

## **2-бап. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ**

2.1. «REAL ASSET MANAGEMENT» Акционерлік қоғамы (әрі қарай – «Қоғам») Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасымен жасалған халықаралық шарттар (келісімдерге), Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілері және осы Жарғы негізінде құрылды және өз қызметін жүзеге асырады.

2.2. Қоғам өз акционерлерінің мүлкінен оқшауландырылған мүлікке иелік ететін заңды тұлға болып табылады және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өзінің міндеттемелері бойынша өзінің мүлкі шегінде жауапкершілік көтереді.

2.3. Қоғам Акционері (әрі қарай – «Акционер») Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларды қоспағанда өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғамның қызметімен байланысты залалдар тәуекелін көтереді.

2.4. Қоғам шығарылымдарды мемлекеттік тіркеуден кейін өз акцияларын аукциондар, жазылулар арқылы орналастыруға құқылы.

2.5. Қоғам акционерлерінің саны шектелмеген.

2.6. Қоғам өз мөріне, фирмалық атауына, сонымен қатар заңды тұлғаның басқа атрибуттарына ие.

2.7. Қоғам мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап заңды тұлғаның құқықтарын және міндеттерін иелікке алады.

2.8. Қоғамның қызмет ету мерзімі шектелмеген.

## **3-бап. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

3.1. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған барлық құқықтарды және міндеттерді көтереді.

3.2. Қоғам өз атынан мәміле (шарттар, келісім-шарттар) жасай алады, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иелікке алады және міндеттерді көтере алады, сотта қуынушы немесе жауапкер ретінде көріне алады, сонымен қатар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа әрекеттерді жүзеге асыра алады.

3.3. Қоғам Қазақстан Республикасының территориясында және шет елде барлық меншік нысандарындағы басқа заңды тұлғалармен бірлестікке еруге, Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған негіздерде Қазақстан Республикасының территориясында және шетелде басқа шаруашылық етуші субъектілерде Құрылтайшы ретінде көрінуге, қатысушы болуға құқығы бар.

3.4. Қоғам Қазақстан Республикасында және шетелде өзінің филиалдарын және өкілдіктерін құра алады, меншікті мүлік есебінен оларды негізгі және айналымдағы қаражаттармен қамтамасыз ете алады және қолданыстағы заңнамаға сәйкес олардың қызмет ету тәртібін анықтай алады. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі олардың жеке балансында және жалпы Қоғам балансында ескеріледі.

3.5. Филиалдардың немесе өкілдіктердің қызметіне Қоғам тағайындайтын тұлғалар басшылық жасайды. Филиалдың және өкілдіктің басшысы Қоғамнан алған сенімхаттың, филиал туралы ереженің немесе өкілдік туралы ереженің негізінде әрекет етеді.

3.6. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпке сәйкес ұлттық, сондай-ақ шетелдік валютада несиелерді пайдалану құқығына ие.

3.7. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Жарғымен қарастырылған басқа да құқықтарды жүзеге асыра алады.

#### **4-бап. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ, МӘНІ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ**

- 4.1. Қоғам қызметінің мақсаты таза табыс табу болып табылады.
- 4.2. Мақсатқа қол жеткізу үшін Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен тиым салынбаған келесі қызмет түрлерін жүзеге асыра алады, соның ішінде (бірақ шектелмей):
  - 4.2.1. Қазақстан Республикасында инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызмет.
  - 4.2.2. Бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызмет, сонымен қатар лицензияларға сәйкес заңнамамен рұқсат етілген қаржылық нарықтағы басқа қызмет түрлері;
  - 4.2.3. Консультациялық, ақпараттық және талдау қызметтерін ұсыну;
  - 4.2.4. Халықаралық қаржы нарықтарындағы қызмет;
  - 4.2.5. Барлық қызмет түрлері қолданыстағы заңнама аясында, және егер талап етілсе, тиісті мемлекеттік органдарда барлық қажетті рұқсаттарды, лицензияларды және сертификаттарды алғаннан кейін жүзеге асырылады;
  - 4.2.6. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа қызмет түрлері.
  - 4.2.7. Заңнамалық актілермен тізімі анықталатын жеке қызмет түрлерімен Қоғам белгіленген тәртіпте берілген лицензиялар негізінде шұғылдана алады.

#### **5-Бап. ҚОҒАМ АКЦИЯЛАРЫ**

- 5.1. Қоғам жай акциялар шығаруға құқылы.
- 5.2. Жай акция дауыс беруге енгізілетін барлық мәселелерді шешкен кезде акционерге дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидендтер, сондай-ақ қоғам таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.
- 5.3. Қоғамның орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ақшалай ғана төленеді.
- 5.4. Акциялар құжатсыз түрде шығарылады. Қоғам шығаратын акциялар атаулы болып табылады.
- 5.5. Жарияланған акциялар шығарылымының мемлекеттік тіркеуі мен қоғам акцияларын орналастыру қорытындысы жөніндегі есепті ұсыну Қазақстан Республикасының және уәкілетті органдармен белгіленген тәртіпте және мерзімде жүзеге асырылады.
- 5.6. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін құрауды, жүргізуді және сақтауды қоғамның тіркеушісі бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамаға сәйкес жүзеге асыра алады.
- 5.7. Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.
- 5.8. Қоғам шығару, орналастыру, айналымға енгізу және өтеу тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамамен анықталатын басқа да бағалы қағаздар шығаруға құқылы.
- 5.9. Акциялар кепілдігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

#### **6-бап. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

- 6.1. Қоғам акционерлері Қазақстан Республикасының, сонымен қатар осы Жарғы және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен анықталатын тәртіпте басқа мемлекеттердің жеке және заңды тұлғалары бола алады.
- 6.2. Қоғам акционерлері құқылы:
  - 6.2.1. осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;
  - 6.2.2. Дивидендтер алуға;
  - 6.2.3. Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде қз Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте Қоғамның қаржы есебімен танысуға;
  - 6.2.4. тіркеушіден немесе номинал ұстаушыдан өзінің бағалы қағаздарға деген меншік құқығын растайтын үзінді жазбалар алуға;
  - 6.2.5. Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысына Қоғамның директорлар Кеңесіне сайлауға кандидатуралар ұсынуға;
  - 6.2.6. Сот тәртібінде Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерді даулауға;
  - 6.2.7. Қоғамға қызметі туралы жазбаша сұраулар жөнелтуге және осы сұрау Қоғамға түскен күннен бастап отыз күннің ішінде дәлелді жауаптар алуға;
  - 6.2.8. Қоғам тараған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігіне;
  - 6.2.9. Қазақстан Республикасының заң актілерімен қарастырылған жағдайларды есепке алмағанда «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген тәртіпте акцияларды немесе акцияларға айырбасталатын Қоғамның басқа бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алу.
  - 6.2.10. Дербес түрде немесе басқа акционерлермен бірге Қоғамның дауыс беруші акцияларының бес және одан көп пайызына ие болған жағдайда «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 63 және 74-баптарымен қарастырылған жағдайларда Қоғамның лауазымды

тұлғаларының Қоғамға келтірген шығындарды өтеуі және Қоғамның лауазымды тұлғаларының және (немесе) аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелерді және (немесе) жасауға мүдделі мәмілелерді жасау (жасауға ұсыну) туралы шешім қабылдау нәтижесінде тапқан пайданы (кірісті) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен өз атынан сот органдарына жүгін.

6.3. Қоғамның дауыс беруші акцияларының он және одан көп пайызына ие (бірлесіп иелік етуші) ірі акционер - Акционер немесе өзара бекітілген келісім негізінде әрекет ететін бірнеше акционерлер сонымен қоса келесі құқықтарға ие:

6.3.1. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар Кеңесі Акционерлердің Жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда, оны шақыру туралы өтінішпен сотқа баруға;

6.3.2. Қоғамның Директорлар Кеңесіне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізу туралы ұсыныс жасауға;

6.3.3. Қоғамның Директорлар Кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

6.3.4. Өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін жүргізуін талап етуге.

6.4. Акционерлер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған басқа да құқықтарға ие болуы мүмкін.

6.5. Қоғам Акционерлері міндетті:

6.5.1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған тәртіпте акцияларды төлеуге;

6.5.2. Осы акционерге тиесілі акцияларды тіркеуші мен нақтылы ұстаушыға қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлауға;

6.5.3. Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпия болып табылатын ақпаратты таратпауға;

6.5.4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да міндеттемелерді орындауға.

## **7-бап. ҚОҒАМНЫҢ ТАБЫСЫ**

7.1. Қоғамның шаруашылық қызметі нәтижесінде алған кірістері салықтарды, қолданыстағы заңнамаға сәйкес бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін Қоғам меншігінде қалады және Қоғамның дамуы, Қоғам қорларын құру, акциялар бойынша дивидендтер есептеу үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес қолданылады.

7.2. Жыл қорытындыларына сәйкес акциялар бойынша дивидендтер есептеу және көлемін анықтау тәртібі акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.

7.3. Тоқсан немесе жарты жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер тек Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша ғана төленеді. Жалпы жиналыстың тоқсан немесе жарты жылдың қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімінде Қоғамның бір жай акциясына дивидендтің мөлшері көрсетіледі.

7.4. Акционерлердің жалпы жиналысында дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылданған шартта, қоғам акциялары бойынша дивидендтер ақшамен немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді.

7.5. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер есептеуге жол берілмейді:

7.5.1. өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

7.5.2. егер қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңдарына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса;

7.6. Қоғам акциялары бойынша дивидендтер есептеуге қатысты осы Жарғының 7-бабымен реттелмеген барлық қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталады.

## **8. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ**

8.1. Қоғам органдары:

- жоғарғы орган - акционерлердің Жалпы жиналысы;
- басқару органы - Директорлар кеңесі;
- атқарушы орган – Басқарма;
- Бақылаушы орган – Ішкі аудит қызметі.

## **9. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ**

9.1. Қоғам жыл сайын Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын өткізіп отыруға міндетті. Акционерлердің басқа Жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы Директорлар кеңесімен шақыртылады және қаржылық жыл аяқталған соң бес ай

аралығында өткізілуі қажет. Есепті кезең аралығындағы Қоғам қызметінің аудитын аяқтау мүмкін болмаған жағдайда аталған мерзім үш айға дейін ұзартылған болып саналады.

Барлық дауыс беретін акциялары жалғыз акционерге тиесілі қоғамда акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңында және осы жарғыда акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді мұндай акционер жеке-дара қабылдайды және бұл шешімдер артықшылықты акциялармен куәландырылған құқыққа нұқсан келтірмейтін және оны шектемейтін жағдайда жазбаша түрде ресімделуге тиіс.

Қоғамның жалғыз акционері немесе қоғамның барлық дауыс беретін акцияларын иеленуші тұлға заңды тұлға болып табылса, Заңда және қоғамның жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Қазақстан Республикасының заңдарына және заңды тұлғаның жарғысына сәйкес заңды тұлғаның осындай шешімдерді қабылдауға құқығы бар органы қабылдайды.

9.2. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында:

- 1) Қоғамның жылдық қаржы есептілігі бекітіледі;
- 2) өткен қаржы жылындағы қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері белгіленеді;
- 3) акционерлердің Қоғамның және оның лауазымды адамдарының әрекеттеріне шағымдары және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғам акционерлерін Қоғамның директорлар кеңесі мен атқарушы органының мүшелеріне төленетін сыйақының мөлшері және құрамы туралы хабардар етеді.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы олар бойынша шешім қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелерді қарауға құқылы.

9.3. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау және өткізуді жүзеге асырады:

- 1) атқарушы органмен;
- 2) қоғам тіркеушісімен онымен бекітілген шартқа сәйкес;
- 3) Директорлар кеңесімен
- 4) Қоғамның таратушы комиссиясымен.

9.4. Акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

9.4.1. Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту;

9.4.2. Қоғамды корпоративтік басқару кодексін бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

9.4.3. Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

9.4.4. Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы шешім қабылдау немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту;

9.4.5. Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау талаптары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;

9.4.6. Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттігінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

9.4.7. Қоғамға аудит жасайтын аудиторлық ұйымды анықтау;

9.4.8. Жылдық қаржы есептілігін бекіту;

9.4.9. Қоғамның есепті қаржылық жылдағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясы есебінен дивиденд мөлшерін бекіту;

9.4.10. Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

9.4.11. Осы Жарғының 7.5-тармағында көрсетілген жағдайлар туған жағдайда Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;

9.4.11. акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты баспасөз басылымында беру туралы шешім қабылдау;

9.4.13. Қоғам акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекіткен болса, әдістемені бекіту);

9.4.14. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

9.4.15. акционерлерге қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде, егер мұндай тәртіп қоғам жарғысында белгіленбесе, баспасөз басылымын анықтау;

9.4.16. «алтын акцияны» енгізу және күшін жою;

9.4.17. Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

9.4.18. шешім қабылдау осы заң актілерімен акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

9.5. Осы Жарғының 9.4.1. – 9.4.4. тармақтарында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беру акцияларының жалпы санының маманданған көпшілігімен қабылданады. Барлық қалған мәселелер бойынша шешімдер дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беру акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.

9.6. Акционерлердің Жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдарының кез-келген шешімінің күшін жоюға құқылы

9.7. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы келесілердің бастамасы бойынша шақырылады:

- 1) Қоғамның директорлар Кеңесінің;
- 2) Қоғамның ірі акционерінің.

Ерікті тарау процесіндегі қоғам Акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысын Қоғамның тарату комиссиясы шақыра алады, дайындай алады және өткізе алады.

9.8. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі деректер негізінде тіркеуші жасайды. Аталған тізімді жасау күні жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбеуі керек.

9.9. Акционерлерге алда жалпы жиналыс өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында – қырық бес күнтізбелік күннен кешіктірілмей хабарлануға тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыру баспасөз басылымында жариялануға немесе олардың назарына жеткізілуге тиіс. Егер Қоғам акционерлерінің саны елу акционерден аспаса, хабарландыру акционердің назарына жазбаша хабар жіберу арқылы жеткізілуге тиіс.

9.10. Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысының өтуі туралы хабарлама төмендегілерді қамтуы керек:

- 1) Қоғамның толық атауы және атқарушы органының орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақыру туралы бастама көтерген тұлға туралы мәліметтер;
- 3) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы өтетін күн, уақыт, орын, жиналыс қатысушыларын тіркеу басталатын уақыт, сондай-ақ бірінші жиналыс болмаған жағдайда, Қоғам акционерлерінің қайта шақырылатын Жалпы жиналыс өтетін күн, уақыт;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімі құрастырылатын күн;
- 5) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен танысу тәртібі.

Акционерлердің қайтадан өтетін Жалпы жиналысы Акционерлердің алғашқы (болмай қалған) Жалпы жиналысы өтеді деп белгіленген күннен кейінгі келесі күннен ерте белгіленбейді.

9.11. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар осы мәселелер бойынша негізді шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемдегі ақпаратты қамтуы керек. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар қоғамның жылдық қаржылық есептілігін, жылдық қаржылық есептіліктің аудиторлық есебін, өткен қаржы жылы ішіндегі Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі бір жылғы дивидендтер мөлшері туралы Директорлар кеңесінің ұсынысын, акционерлердің Қоғам мен лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне шағымдары және оларды қарастыру нәтижелері туралы ақпаратты, есеп кезеңі ішіндегі қызметі туралы Қоғамның директорлар кеңесінің есебін, акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы бастама көтерген тұлғаның қалауы бойынша басқа да құжаттарды қамтуы керек

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар танысу үшін акционерлерге жиналыс өткізілетін күнге дейін он күннен кешіктірілмей берілуге тиіс, ал акционердің сұратуы болғанда – оған сұрату алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жіберілуі тиіс; құжаттардың көшірмелерін жасау және құжаттарды жеткізу шығыстарын Қоғам көтереді.

9.12. Жиналыс қатысушыларын тіркеу аяқталған кезде акционерлер тізіміне енгізілген, қатысуға, дауыс беруге құқылы, Қоғамның дауыс беру акцияларының елу және одан да көп пайызына ие акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелген болса, акционерлердің Жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселелерін қарастырып, олар бойынша шешім қабылдауға құқылы болады.

9.13. Акционерлерге сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер жіберілген жағдайда аталған бюллетеньдерде көрсетілген және жалпы жиналыс қатысушыларын тіркеу кезінде Қоғам алған дауыстар қворумды анықтау кезінде және дауыс беру нәтижелерін жүргізу кезінде есепке алынады.

9.14. Болмай қалғанның орнына акционерлердің қайтадан өтетін Жалпы жиналысы төмендегі жағдайларда күн тәртібінің мәселелерін қарастырып, шешім қабылдауға құқылы, егер Қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде оған Қоғамның дауыс беру акцияларының қырық және одан да көп пайызына ие акционерлер (немесе олардың өкілдері), сондай-ақ сырттай дауыс беретін акционерлер (немесе олардың өкілдері) тіркелген болса, сондай-ақ, Кворумның болмау себебіне байланысты болмаған акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса.

9.15. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға, Қоғамның ішкі қызметін реттейтін басқа құжаттарға немесе тікелей Акционерлердің Жалпы жиналысының шешіміне сәйкес анықталады.

9.16. Акционерлердің Жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлердің (олардың өкілдерінің) тіркеуі жүргізіледі. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқы жоқ.

9.17. Акционерлердің Жалпы жиналысы кворум болған жағдайда жарияланған уақытта ашылады. Акционерлердің Жалпы жиналысы жарияланған уақыттан ерте ашыла алмайды, бірақ барлық Акционерлер (олардың өкілдері) тіркеліп болып, жиналыстың ашылу уақытын өзгерту туралы хабарландырылып, оған қарсылық білдірмейтін жағдайлар жатпайды.

9.18. Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыс төрағасын/төрайымын және хатшысын сайлайды, Акционерлердің Жалпы жиналысы дауыс беру нысанын – ашық немесе құпия (бюллетеньдер бойынша) деп анықтайды. Акционерлердің Жалпы жиналысының Төрағасы/Төрайымы мен Хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционер бір дауысқа ие болады, ал шешім Акционерлердің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

9.19. Акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылданады. Сырттай дауыс беру акционерлердің Жалпы жиналысына қатысатын акционерлердің дауыс беру жолымен (аралас дауыс беру) немесе акционерлердің Жалпы жиналысының отырысын өткізбей қолданылуы мүмкін. Сырттай дауыс беру өткізілген жағдайда дауыс беруге арналған бірыңғай нысандағы бюллетеньдер осы Жарғының 9.8.тармағына сәйкес акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберіледі (таратылады). Қоғам акцияларын ұстаушылар жүйесінде акциялардың нақтылы ұстаушысы тіркелген тұлға болса, осы нақты ұстаушының клиенті дауыс беруге арналған бюллетеньдерді бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамамен белгіленген тәртіпте және шарттарда жіберіледі.

Дауыс беруге арналған бюллетень Акционерлердің Жалпы жиналысының отырысы өтетін күнге қалған немесе акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей сырттай дауыс беру үшін дауыстарды санау күнге дейін қырық бес күннен кешіктірілмей тұлғаларға жіберілуі керек. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру нәтижелеріне әсер ету мақсатында дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жекелеген акционерлерге іріктеп жолдауға құқығы жоқ.

9.20. сырттай дауыс беруді жүргізген жағдайда, келесі талаптар сақталуы қажет:

1) күн тіртібінің мәселелері бойынша шешімдерді сырттай қабылдау үшін бірыңғай нысандағы бюллетеньдер қолданылады;

2) Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень төмендегілерді қамтуы керек:

- Қоғамның толық атауы және атқарушы орган орналасқан жері;
- Жиналысты шақыру туралы бастама көтерген тұлға туралы мәліметтер;
- Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер берілетін ақырғы күн;
- Акционерлердің Жалпы жиналысы өтетін күн немесе акционерлердің Жалпы жиналысының отырысын өткізбей-ақ сырттай берілген дауыстар есептелетін күн;
- Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі;
- Акционерлердің Жалпы жиналысы директорлар Кеңесі мүшелерін сайлау туралы мәселені қамтыған болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың аты-жөндері;
- Дауыс берілетін мәселелер тұжырымдамасы;
- «қолдаймын», «қарсымын», «қалыс қаламын» сөздерімен берілген акционерлердің Жалпы жиналысы күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нұсқалары;
- күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру (бюллетень толтыру) тәртібін түсіндіру.

9.21. Дауыстарды есептеу кезінде акционердің дауыс берудің ықтимал үлгілерінің бірі ғана белгіленген мәселелер бойынша ғана берілген дауыстар есепке алынады. Акционер-жеке тұлғаның сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне жеке тұлға жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсетіп, қол қоюға тиіс. Акционер-заңды тұлғаның сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне басшысы қолын қоюы және заңды тұлғаның мөрімен куәландырылуы керек. Акционер-жеке тұлғаның немесе акционер-заңды тұлға басшысының қолы қойылмаған, сондай-ақ заңды тұлғаның мөрі қойылмаған бюллетеннің заңи күші болмайды.

9.22. Дауыс беруге Қоғаммен жалпы жиналыс қатысушыларын тіркеу сәтінде анемесе жалпы жиналысты өткізбей шешім қабылдауда дауыстар санағы күніне алынған бюллетеньдер қатысады. Сырттай дауыс беру нысанында қабылданатын шешімдер акционерлердің жалпы жиналысын өткізу үшін қажетті кворум сақталған жағдайда шынайы болып саналады.

9.23. Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайлардан басқа кездері, Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру «бір акция - бір дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру ашық әдіспен және құпия дауыс беру әдісімен (бюллетеньдер бойынша) өткізіле алады.

## 10. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

10.1. Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзіретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғам қызметінің жалпы басшылығын жүзеге асырады. Қоғамның

Директорлар кеңесі Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы сайлайтын Директорлар кеңесінің Төрағасын қосқанда, кем дегенде үш мүшеден тұрады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің кем дегенде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

10.2. Қоғамның Директорлар Кеңесінің ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

10.2.1. Қоғам қызметінің басыңқы бағыттарын айқындау;

10.2.2. Акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы Жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

10.2.3. Қоғамның акцияларын орнықтыру (тарату) туралы және жарияланған акциялардың саны шегінде оларды орнықтыру (тарату) саны, орнықтыру (тарату) әдісі және бағасы туралы шешім қабылдау;

10.2.4. Қоғамның орнықтырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы, оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

10.2.5. Қоғамдық жылдық қаржы есебін алдын-ала бекіту;

10.2.6. Қоғамның облигациялар мен туынды бағалы қағаздары шығарылымының шарттарын анықтау;

10.2.7. Басқарманың сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін анықтау, оның мүшелерін және Төрағаны сайлау, сонымен қатар олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

10.2.8. Қоғам Басқармаінің лауазымдық айлықақысының мөлшерін және еңбек ақы, сыйлықақы беру шарттарын анықтау;

10.2.9. Ішкі аудит қызметінің өкілеттілік мерзімін, сандық құрамын анықтау, басшылар мен мүшелерді тағайындау, сонымен қатар олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс жасау тәртібін, жалақы мөлшері мен шартын және ішкі аудит қызметі жұмысшыларының сыйақысын анықтау;

10.2.10. Аудиторлық ұйымның, сондай-ақ бағалаушының Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша қызметіне төленетін ақының мөлшерін айқындау;

10.2.11. қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (бұған қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), соның ішінде Қоғамның бағалы қағаздарына аукциондарды және жазылуды өткізу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

10.2.12. Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы Ережелерді бекіту;

10.2.13. Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он немесе одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлесін) иемденуі туралы шешім қабылдау;

10.2.14. Акцияларының он немесе одан да көп пайызы (жарғылық капиталға қатысу үлесі) Қоғамға тиесілі заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыреттілігіне жататын қызметі мәселелері бойынша шешім қабылдау;

10.2.15. қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;

10.2.16. қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қор алатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқын

10.2.17. Ірі мәмілелер және Қоғам жасауға мүдделі мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау

10.2.18. Қоғамның корпоративтік хатшысын тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Қоғамның корпоративтік хатшысының лауазымдық жалақы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

10.2.19. бұрынғы тіркеушімен шарт бұзылған жағдайда Қоғамның тіркеушісін таңдау

10.2.20. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған, Акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатпайтын басқа да мәселелер.

10.3. Қоғамның Директорлар Кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелер Қоғамның атқарушы органының шешуі үшін берілмейді.

10.4. Директорлар кеңесі міндетті:

1) Лауазымды тұлғалар мен акционерлердің деңгейінде ықтимал мүдделер қайшылығын, соның ішінде Қоғам меншігін заңға қайшы пайдалануды, мүдделілік бар мәмілелерді жасағанда қиянат жасауды қадағалау және мүмкіндігінше жою;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылау.

10.5. Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшелері Акционерлердің Жалпы жиналысымен сайланады және Қоғамның Директорлар Кеңесінің ертеректе сайланған мүшелерінің өкілеттіктері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен мерзімінен бұрын тоқтаған жағдайда Акционерлердің Жалпы жиналысымен қайта сайланады. Директорлар кеңесі мүшелері келесілер санатынан сайланады:

1) акционерлер – жеке тұлғалар;

2) акционерлердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне ұсынылған (нұсқау берілген) тұлғалар;

3) басқа тұлғалар («Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген шектеулерді есепке ала отырып).

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі заңды тұлға бола алмайды.

10.6. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы/Төрайымы Қоғамның Директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы сайланады. Директорлар кеңесі кез-келген уақытта Төрағаны қайта сайлай алады.

10.7. Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелері міндетті:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, жарғыға, қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес қоғам мен акционерлерінің хабардар, мөлдір болуы негізінде, қоғам мүддесінде әрекет ету;

2) барлық акционерлеріне әділ болу, корпоративтік мәселелер бойынша тәуелсіз объективті пікір ұсыну.

10.8. директорлар кеңесінің Төрағасы/Төрайымы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ осы Жарғымен анықталған басқа да функцияларды атқарады. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы/Төрайымы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесі шешімі бойынша директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

10.9. Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшелерінің кем дегенде жартысының отырысқа қатысуы Қоғамның Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум болып табылады. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы Жарғыда қарастырылған кворумға жету үшін жеткіліксіз болса, Директорлар кеңесі директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыртуға міндетті. Қоғамның Директорлар кеңесінің қалған мүшелері тек Қоғам акционерлерінің осындай кезектен тыс Жалпы жиналысын шақырту туралы шешімді қабылдауға ғана құқылы.

10.10. Қоғамның Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Жарғының 10.2. тарамағында көрсетілген барлық мәселелер бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Директорлар Кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Қоғамның Директорлар кеңесінің бір мүшесімен Қоғамның Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне дауысын беруге тиым салынады.

10.11. Директорлар кеңесі директорлар кеңесі қарауына ұсынылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдай алады және мұндай шешімдерді қабылдау тәртібін белгілейді.

Директорлар кеңесінің сырттай өткізілген мәжілісінің шешімі жазбаша түрде рәсімделуі тиіс және аталмыш шешімді қабылдау үшін жеткілікті мөлшердегі директорлар кеңесі мүшелерінің қолдары болған жағдайда ғана заңды болып танылады.

## **11. АТҚАРУШЫ ОРГАН – ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫ**

11.1. Басқарма Қоғамның ағымдағы қызметін басқаруды жүзеге асыратын Қоғамның ұжымдық атқарушы органы болып табылады.

11.2. Басқарманың сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін және Төрағасын сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Қоғамның директорлар кеңесімен жүзеге асырылады.

11.3. Басқарма кем дегенде 3 мүшеден сайланады.

11.4. Басқарма мүшелері Қоғамның акционерлері болып табылмайтын Қоғам жұмыскерлері және акционерлер болуы мүмкін. Басқарма мүшесі директорлар Кеңесінің келісімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

11.5. Басқарма осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен Қоғамның басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзіретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

11.6. Басқарма акционерлердің Жалпы жиналысының және директорлар Кеңесінің шешімдерін атқаруға міндетті.

11.7. Қоғам Басқарманың Қоғамның белгілеген шектеулерін бұза отырып жасаған мәмілелерінің, егер мәмілелерді жасау сәтінде тараптар осындай шектеулерді білгендігін дәлелдесе, шынайылығын даулауға құқығы бар.

11.8. Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары және міндеттері осы Заңмен, Қазақстан Республикасының басқалай заңнамалық актілерімен, сонымен қатар көрсетілген тұлғаның қоғаммен жасаған жеке еңбек шартымен анықталады. Қоғамның атынан Басқарма Төрағасымен жеке еңбек шартына директорлар Кеңесінің Төрағасы немесе Жалпы жиналыспен осыған өкілетті тұлға қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен жеке еңбек шартына оның Төрағасы қол қояды.

11.9. Басқарма Төрағасы:

11.9.1. акционерлердің жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

11.9.2. үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

11.9.3. Үшінші тұлғалармен қарым-қатынасында Қоғамды таныту құқығына сенімхаттар береді;

